ҚР Үкіметі отырысында қаралған мәселелер бойынша
облыс әкімі Н.М. Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің
ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы № *2025 жылғы 15 сәуір*

I. 2025 жылғы өртке қарсы маусымға дайындық бойынша
қабылданып жатқан шаралар туралы

(Нәлібаев, Жаналинов, Жаханов)

1. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы *(Ғ. Еркебай):*

1.1. 2025 жылғы өрт қауіпті маусымда облыс аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылауға алып, іске асырылуы бойынша ақпарат енгізсін *(мерзімі: 01.06.2025 ж.)*;

1.2. Орман қоры жерлерінде жаңа минералдық жолақтар жүргізіп, ескі минералдық жолақтарды қалпына келтіруді ұйымдастырсын *(мерзімі: 01.06.2025 ж.);*

1.3. **Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен** *(М. Нұрмағамбетов, келісім бойынша)* бірлесіп, өрт қауіпті кезеңде орман шаруашылығына қарасты өрт сөндіру жасақтарының күшейтілген режимде жұмыс жасауын қамтамасыз етсін *(мерзімі: аралық ақпарат 15.06.2025 ж.)*;

1.4. **Облыстық полиция департаментімен** *(С. Ергешов, келісім бойынша)* бірлесіп, орман және дала алқаптарында орын алған өрт жағдайларына кінәлі тұлғаларды анықтап, әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша тиісті шараларды қабылдасын *(мерзімі: аралық ақпарат 01.06.2025 ж.)*;

1.5. **Облыстық төтенше жағдайлар департаментімен** *(Р. Қайрақбаев)*, **облыстық полиция департаментімен** *(С. Ергешов, келісім бойынша)*, **қала және аудан әкімдіктерімен** бірлесіп, өрт қауіпті маусымда мобильді топтардың рейдтік шараларын тұрақты түрде және күшейтілген режимде жұмыс жасауын қамтамасыз етсін *(мерзімі: аралық ақпарат 01.06.2025 ж.)*;

1.6. **Қызылорда қаласы әкімдігімен** *(Н. Ахатов)* бірлесіп, Белкөл кенті, әуежай маңындағы жасыл белдеулерді күтіп ұстау жұмыстарын қамтамасыз етсін *(мерзімі: аралық ақпарат 01.06.2025 ж.)*;

2. Облыстық қоғамдық даму басқармасы *(Р. Қаюпов)* **облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы** *(Ғ. Еркебай)*, **облыстық төтенше жағдайлар департаменті** *(Р. Қайрақбаев)*, **Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен** бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, өрттің пайда болуының алдын алу және тарауына жол бермеу, өрт анықталған жағдайларда қабылдануы тиіс шаралар туралы арнайы бейнероликтер, ақпараттық мақалалар әзірлеп, кеңінен ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін *(мерзімі: өрт қауіпті кезең бойы, аралық ақпарат 01.06.2025 ж.)*;

3. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы *(М. Усаин)*, **«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ** *(Б. Қаракөзов, келісім бойынша)*, **«KEGOC» АҚ «Оңтүстік жүйеаралық электр тораптары» филиалы Қызылорда аумақтық электр тораптарымен** *(Т. Қаныбетов, келісім бойынша)* бірлесіп, электр желілері трассалары бойындағы орман жолдарын ағаш-бұтақты өсімдіктерден тазарту жұмыстарын жүргізсін *(мерзімі: 25.05.2025 ж.)*;

4. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жергілікті ауыл шаруашылығы құрылымдары, шаруа қожалықтары тарапынан егістік алқаптарда шөп өртеу жұмыстарын жүргізу кезінде іргелес орналасқан орман шаруашылығы мекемелерін және төтенше жағдайлар органдарын алдын-ала хабардар етіп, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз етсін *(мерзімі: 01.05.2025 ж.)*;

5. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы осы тапсырмалардың орындалуы бойынша жинақ ақпаратты облыс әкімі аппаратына енгізсін.

Хаттамалық тапсырмалардың орындалуын үйлестіру және бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Д.Е. Жаналиновке** және облыс әкімінің орынбасары **Б.Д. Жахановқа** жүктеледі.

II. Су тасқыны жағдайы туралы

(Нәлібаев, Жаналинов, Жаханов)

1. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалы *(Е. Саулебеков, келісім бойынша)* және **«Электр желілерін басқару жеңіндегі Қазақстан компаниясы»** *(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)*, **«KEGOC» акционерлік қоғамының «Оңтүстік жүйеаралық электр тораптары» филиалы Қызылорда аумақтық электр тораптарымен** *(Т. Қаныбетов, келісім бойынша)* бірлесіп, су жайылу жағдайлары бойынша зақымдалған нысандарды қалпына келтіру және электр бағаналарының түбін бекіту жұмыстарын жүргізсін *(мерзімі: 15.05.2025 ж. дейін)*;

2. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы *(Ж. Сыздықов)*, **Арал ауданы әкімдігімен бірлесіп**, Аманеткел ауылдық округі аумағындағы «Кәрі бөгет» автожолы көпірінің зақымдалған аумағын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін *(мерзімі: 15.05.2025 ж. дейін)*;

3. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ *(Б. Қаракөзов, келісім бойынша)* 2024-2025 жылдардағы су тасқынының алдын алу шаралары кезеңінде зақымдалған электр бағаналарының түбін бекіту жұмыстарын жүргізсін *(мерзімі: 15.05.2025 ж. дейін)*;

4. Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы *(З. Қазтоғанов, келісім бойынша)*, **«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы** *(Р. Ахметов, келісім бойынша)*, облыс аумағына Сарысу өзенімен келетін су көлеміне тұрақты бақылау жасап, тиісті мемлекеттік органдарды ақпараттандырсын *(мерзімі: 15.05.2025 ж. дейін)*;

5. «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы *(Е. Жүнісов, келісім бойынша)*, «Қызылорда-Жезқазған» автожолын су шаю жағдайының алдын алу шараларын қабылдасын *(мерзімі: 15.05.2025ж. дейін)*.

6. Қармақшы ауданының әкімі *(Ж. Еркінбек)* ағымдағы жылы наурыз айында орын алған Жосалы кентіне қарғын су жайылу жағдайларын алдағы уақытта болдырмау шараларын қабылдасын *(мерзімі: 15.05.2025ж. дейін)*;

7. Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс *(М. Құрманбаев)*, **табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу** *(Ғ. Еркебай)* **басқармалары, облыстық төтенше жағдайлар департаменті** *(Р. Қайрақбаев, келісім бойынша)*, **Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы** *(З. Қазтоғанов, келісім бойынша)*, **«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы** *(Р. Ахметов, келісім бойынша)*, **қала, аудан әкімдіктері** және өзге де тиісті мекемелермен бірлесіп, жұмысшы топ құрамымен облыс аумағындағы су шаруашылығы нысандары және су жайылу аймақтарына зерделеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесін баяндасын *(мерзімі: 30.05.2025ж. дейін)*.

8. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы осы тапсырмалардың орындалуы бойынша жинақ ақпаратты облыс әкімі аппаратына енгізсін.

Хаттамалық тапсырмалардың орындалуын үйлестіру және бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Д.Е. Жаналиновке** және облыс әкімінің орынбасары **Б.Д. Жахановқа** жүктеледі.

Облыс әкімі **Н. Нәлібаев**